

«Bereke Bank» АҚ Басқармасымен  
2022 жылғы «16» қыркүйекте  
"Келісілді"

«Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесімен  
2022 жылғы «30» қыркүйекте  
Тірк. №267  
«Бекітілді»

**«Bereke Bank» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету мен  
пайдалануды  
ішкі бақылау саясаты («Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесі  
бекіткен 05.06.2023 ж. Тіркеу № 1122 өзгерістер есебімен)**

## ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«Bereke Bank» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету мен пайдаланудың ішкі бақылау саясаты.
ІНҚ иесі	Комплаенс-бақылау департаменті
Қолжетімділік деңгейі: «Жалпы пайдаланудағы ІНҚ», «Құпия»	Жалпы пайдаланудағы ІНҚ
Бекіту органы	«Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесі
Құрылымдық бөлімшелерді ІНҚ-мен таныстыру/оқыту бойынша іс-шаралар	ІНҚ бекітілген күннен бастап Банк жұмыскерлеріне дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы жіберіледі
Жеткізуге/оқытуға жауапты тұлға	
<i>ОК деңгейінде;</i>	Басқарушы директор – COMPLAENС-бақылау департаменті директоры
<i>филиалдар деңгейінде:</i>	Филиал директоры

## Мазмұны

1-Тарау. Жалпы ережелер .....	4
2-Тарау. Мақсаттар мен міндеттер .....	5
3-Тарау. Инсайдерлік ақпарат .....	5
4-Тарау. Банк инсайдерлері .....	6
5-Тарау. Инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және пайдалануды бақылау .....	7
6-Тарау. Инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және пайдалануды шектеу .....	8
§ 1. Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік құқықтарын шектеу .....	8
§ 2. Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғау .....	9
7-Тарау. Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімі .....	9
8-Тарау. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі .....	10
9-Тарау. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік .....	11
10-Тарау. Қорытынды ережелер .....	11

## 1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Bereke Bank» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету мен пайдаланудың ішкі бақылау саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және «Bereke Bank» АҚ (бұдан әрі - Банк) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Саясат Банктің инсайдерлік ақпаратының тізбесін анықтайды, Банктің барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары үшін міндетті инсайдерлік ақпаратқа иелік ету және пайдалану, оны ашу, инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және пайдалануды, Банктің инсайдерлері үшін шектеулерін, инсайдерлік ақпаратты жария еткені үшін жауапкершілікті белгілейді.

3. Саясат Банктің барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының танысуы және орындауы үшін міндетті.

4. Осы Саясат Банктің интернет-ресурсында орналастырылады, сондай-ақ Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіпте және мерзімде олардың сұратуы бойынша банктің инсайдерлеріне ұсынылуы мүмкін.

5. Осы Саясат талаптарының сақталуына тікелей бақылауды жүзеге асыратын Банктің жауапты құрылымдық бөлімшесі комплаенс - бақылау департаменті болып табылады.

**6. Осы Саясат шеңберінде мынадай ұғымдар мен аббревиатуралар пайдаланылады:**

1) **ИНК** – Банктің ішкі нормативтік құжаты;

2) **К-БД** – Комплаенс – бақылау департаменті;

3) **ҚЕД** – Қаржылық есептілік депозитарийі;

4) **лауазымды тұлға** – Директорлар кеңесінің және Банк басқармасының мүшесі;

5) **инсайдер** – Банк органдарына мүшелігі бар, Банктің бағалы қағаздарына иелік ететін, функционалдық және лауазымдық міндеттерді жүзеге асыруға, Банкпен азаматтық-құқықтық шарт жасауға байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар болғандықтан, сондай-ақ осы Саясатта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие тұлға;

6) **инсайдерлік ақпарат** – Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары), олармен жасалған мәмілелер туралы, сондай-ақ коммерциялық құпияны құрайтын Банк туралы және оның жүзеге асыратын қызметі туралы, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, жария болуы бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және Банктің қызметіне әсер етуі мүмкін өзге де ақпарат;

7) **Банк қызметі туралы жалпыға бірдей қолжетімді ақпарат (жалпыға бірдей қолжетімді ақпарат)** - Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес оған қолжетімділікті шектеуді талап етпейтін және шектеуі жоқ немесе ашылуы тиіс ақпарат;

8) **банк қызметкері** - еңбек шарты негізінде Банкпен еңбек қатынастарында тұратын кез келген жеке тұлға (банктің Орталық кеңсесінің/филиалдарының қызметкерлері);

9) **инсайдерлер тізімі** – «Bereke Bank» АҚ инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімін жасау кезінде құрылымдық бөлімшелердің өзара әрекеттестігі жөніндегі Нұсқаулықта көзделген тәртіпте және мерзімде жасалатын және жаңартылатын, Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімі;

10) **қаржы құралы** - ақша, туынды бағалы қағаздарды, туынды қаржы құралдарын және басқа да қаржы құралдарын қоса алғанда, бағалы қағаздар, операциялар нәтижесінде бір ұйымда бір мезгілде қаржы активі және қаржылық міндеттеме немесе үлестік құрал - басқасында пайда болатын басқа да қаржы құралдары;

11) **ОК** – Банктің Орталық кеңсесі.

## 2-Тарау. Мақсаттар мен міндеттер

7. Осы Саясаттың мақсаты Банктің инсайдерлік ақпаратқа иелік ету және пайдалану мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - ҚР) заңнамасының нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын шектеу және Банк инсайдерлерінің осындай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмау, сондай-ақ іскерлік бедел деңгейін, корпоративтік басқарудың жоғары дәрежесін, корпоративтік есептілікті және Банктің тұрақтылығын сақтау, қолдау және арттыру болып табылады.

8. Осы саясаттың міндеті инсайдерлік ақпаратқа иелік ету және пайдалану тәртібін анықтау, инсайдерлік ақпаратқа иелік ету және пайдалануды жүзеге асыру болып табылады.

9. Осы Саясаттың мақсатына қол жеткізу Банктің инсайдерлік ақпаратын заңсыз пайдалануға байланысты Банк үшін қолайсыз салдардың алдын алуға бағытталған тиісті нормаларды, шаралар мен рәсімдерді Банк қызметінің күнделікті тәжірибесіне енгізу жолымен қамтамасыз етіледі.

## 3-Тарау. Инсайдерлік ақпарат

10. Инсайдерлік ақпарат ол пайда болған сәттен бастап және оны ҚР заңнамасына және/немесе осы Саясатқа сәйкес шектелмеген тұлғалар тобына жария еткен сәтке дейін инсайдерлік ақпарат болып табылады.

11. Банктің инсайдерлік ақпаратына келесі ақпарат жатады:

1) Банктің қаржылық есептілігі;  
2) қаржылық есептіліктен басқа, меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентін есептеу туралы мәліметтерді, пруденциалдық нормативтерді сақтау туралы мәліметтерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Банктің қаржылық жағдайына қатысты өзге де мәліметтер;

3) алынып тасталды;

4) Банк акционерлерінің мүддесіне қатысты;

Банк акционерлерінің Жалпы жиналысында қабылданған шешімдер;

Директорлар кеңесін, Банк басқармасын сайлау, сондай-ақ Директорлар кеңесінің, Банк Басқармасының құрамындағы өзгерістер;

Банктің дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызына ие акционерлер құрамындағы өзгерістер;

Банктің Директорлар кеңесі келесі шешімдерді қабылдады:

– акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру;

– акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі және бағасы;

– егер Банк сатып алатын акциялар саны орналастырылған акциялардың жалпы санының бір пайызнан көп болса, орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуы және оларды сатып алу бағасы;

– облигациялар мен туынды бағалы қағаздарды шығару;

– ірі мәмілелерді және (немесе) Банктің мүдделілігі бар және уәкілетті орган осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны активтердің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты мәмілелерді жасауы;

Банктің бағалы қағаздарын және (немесе) өзге де ақшалай міндеттемелерін жай акцияларға айырбастау;

Банктің орналастырылған акцияларының бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау;

акцияларды шоғырландыру;

Банктің акцияларды және басқа бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Банктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын жоюы;

Банктің ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуында Банктің мүдделілігі бар және Банктің уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты мәмілелерді жасауы;

Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомаға Банк мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ кепілден (қайта кепілден) шығару;

құны Банк активтерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Банктің мүлкіне тыйым салу (мүліктен тыйымды алу);

Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Банктің қарыз алуы, сондай-ақ осы қарыз бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеу;

нәтижесінде баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Банктің мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы;

сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;

Банкті тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімі;

Банк жарғысына, сондай-ақ Банктің бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Банк акционерлерінің және инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар;

5) Банк инсайдерлік ақпаратқа жатқызған, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес инсайдерлік ретінде анықталатын өзге де ақпарат.

12. Инсайдерлік ақпаратқа жатпайды:

1) бағалы қағаздың (туынды қаржы құралының) құнына, Банктің мүліктік жағдайына қатысты зерттеулерді, болжамдарды және бағалауды қоса алғанда, жалпы қолжетімді мәліметтер негізінде дайындалған, инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар дайындау мақсатында жасалған ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;

3) дереккөзі белгісіз, көп тұлғалар арасында таратылатын расталмаған ақпарат, сондай-ақ Банктің ағымдағы немесе жоспарланып отырған қызметіне қатысты болжамдар.

#### **4-Тарау. Банк инсайдерлері**

13. Келесі тұлғалар Банк инсайдерлері болып танылады:

1) функционалдық және лауазымдық міндеттері мен өкілеттіктеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Банк қызметкерлері.

2) Банктің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) немесе одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иелену, пайдалану және (немесе) иелік етуге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалар;

3) инсайдерлік ақпаратты ашу көзделген талаптарда жасалған (соның ішінде ауызша) шартқа сәйкес Банкке қызмет көрсететін аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және басқа тұлғалар;

4) тізіміне Банк шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) енгізілген Сауда-саттықты ұйымдастырушы;

5) сауда жүйесінде Банктің бағалы қағаздарымен және тағы басқа қаржылық құралдармен мәмілелер жасалатын қор биржасының директорлар кеңесінің және листингтік комиссиясының мүшелері;

6) өздеріне берілген функцияларға және өкілеттіліктерге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомствосының қызметкерлері, мемлекеттік қызметкерлер;

7) мүшелері Эмитенттер және осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар болып табылатын, оларға берілген өкілеттіліктерге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие қоғамдық бірлестіктер және кәсіби ұйымдар;

8) осы тармақтың 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген, өзінің қызмет жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар ұйымдардың қызметкерлері;

9) осы тармақтың 1)-8) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан заңды негізде инсайдерлік ақпаратты алған тұлғалар.

13-1. Келесілер Банктің инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіз болып табылады: сайлау, тағайындау, акцияларды сатып алу, шарт жасасу және т.б. Келесілер Банктің инсайдерлер тізіміне шығару үшін негіз болып табылады: уәкілеттіліктердің тоқтауы, акцияларды сату, шартты тоқтату және т.б.

## **5-Тарау. Инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және пайдалануды бақылау**

14. Инсайдерлік ақпарат оны ашу сәтіне дейін Банктің коммерциялық құпиясын құрайды. Инсайдерлік ақпарат заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрауы мүмкін.

15. Банк инсайдерлік ақпаратқа, оның ішінде оларға шығарылған (берілген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы ақпаратқа иелік ету мен пайдалануға, келесі іс-шараларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, жүргізу жолымен бақылауды қамтамасыз етеді:

1) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және шарттарда оның қызметіне қатысты және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты ашу, егер бұл ақпарат Банктің мүліктік және қаржылық жағдайы үшін салдарға байланысты өзі шығарған (берілген) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына әсер етуге қабілетті болса;

2) инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдаланудың ішкі бақылау мәселелерін реттейтін ІНҚ әзірлеу және бекіту, сондай-ақ Банк қызметкерлерінің/лауазымды тұлғаларының ІНҚ деректері талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

3) Саясаттың 13 тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімін жүргізу және өзекті жағдайда ұстау;

4) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген/тізімнен шығарылған тұлғаларды, олардың тізімге (тізімнен) енгізілгені (шығарылғаны) туралы хабардар ету, аталған тұлғаларды ҚР «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының және осы Саясаттың инсайдерлік ақпаратына иелік ету мен пайдалануға қатысты талаптары туралы хабардар ету;

5) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген/тізімнен шығарылған тұлғалардың тізімін ҚР уәкілетті органына оның талап етуі бойынша ұсыну;

6) осы Саясатта көзделген өзге де іс-шараларды жүзеге асыру.

16. Банктің жауапты құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Банк қызметкерлері осы ақпарат өзінің лауазымдық және функционалдық міндеттерін орындау үшін талап етілмейтін Банктің өзге қызметкерлері,

сондай-ақ үшінші тұлғалар тарапынан осындай ақпаратқа қолжетімділікті шектеу үшін қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті.

17. Қызметі инсайдерлік ақпаратты пайдаланумен байланысты Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Банктің құпия құжаттарына қолданылатын режимнің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

18. Инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу немесе инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттарды (ақпарат тасығыштарды) жоғалту қауіпі туындаған немесе фактісі анықталған жағдайда, Банк қызметкері өзінің тікелей басшысына және К-БД-не дереу хабарлауға міндетті. Инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу немесе инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттарды (ақпарат тасымалдағыштарды) жоғалту фактісі қатердің туындауы немесе анықталғаны туралы Банктің қызметкері болып табылмайтын инсайдерге белгілі болған жағдайда, соңғы аталған тұлға осы факті туралы Банкті телефон байланысы/электрондық пошта арқылы дереу хабардар етеді.

19. Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Банк қызметкерлері инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі жоқ тұлғалардың қатысуымен инсайдерлік ақпаратқа қатысты талқылауларды жүргізбеуі тиіс.

20. Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға болатын талдаушылармен, инвесторлармен/элеуетті инвесторлармен кездесулерге қатысуға, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарына ресми сұхбат беруге, тек Банк Басқармасының Төрағасы және/немесе банк Басқармасының мүшелері, аталған әрекеттерді жасауға арнайы уәкілетті тұлғалар ғана құқылы.

21. Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Банктің қаржы-шаруашылық қызметін ашатын және инсайдерлік ақпаратты элеуетті қамтитын презентациялар, осыған ұқсас сипаттағы өзге де іс-шаралар өткізген жағдайда инсайдерлік ақпаратты абайсыз ашу жағдайларын болдырмау мақсатында оған иелік ету мен пайдалануға бақылауды жүзеге асырады.

## **6-Тарау. Инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және пайдалануды шектеу**

### **§ 1. Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік құқықтарын шектеу**

22. Банктің инсайдерлері, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі жоқ, бірақ аталған ақпаратты алған тұлғалар осы Саясатта, Банктің өзге де ІНҚ және ҚР заңнамасында көзделген инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалануға тыйым салулар мен шектеулерді сақтауға міндетті.

23. Директорлар Кеңесінің және Банк Басқармасының мүшелері өз құзыреті шеңберінде Банк Жарғысына және(немесе) ҚР заңнамасына сәйкес инсайдерлік ақпаратқа жалпы қол жеткізу құқығына ие.

24. Банк қызметкерлері өздерінің лауазымдық/функционалдық міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа жалпы қол жеткізуге құқылы. Банк қызметкерлері Банспен жасалған еңбек шартының қолданылу мерзімі ішінде және (немесе) олар қолжетімділікке ие болған инсайдерлік ақпаратты ашқанға дейін инсайдерлер болып табылады.

25. Осы Саясаттың 13-тармағының 2) -9) тармақшаларында аталған тұлғалар жасалған шарттар/келісімдер шеңберінде немесе өзге де заңды негізде инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуге құқылы.

26. ҚР мемлекеттік қызметкерлері ҚР заңнамасында және/немесе Банктің ІНҚ көзделген жағдайларда және тәртіппен өз құзыреті шегінде Банк қызметін мемлекеттік



бақылау және қадағалау бойынша өздеріне берілген функцияларға байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуге құқылы.

27. Банк инсайдерлері инсайдерлік ақпаратты осы Саясаттың, Банктің басқа ІНҚ және ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес, тек Банк мүддесіне орай пайдалануға міндетті.

28. Инсайдерлердің келесілерге құқығы жоқ:

1) бағалы қағаздармен және өзге туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;

3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар мен ұсыныстар беруге.

29. Алынып тасталды.

## **§ 2. Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғау**

30. Банк инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғау бойынша барлық қажетті және жеткілікті шараларды Банктің ІНҚ және ҚР заңнамасына сәйкес қабылдайды.

31. Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғау инсайдерлік ақпаратты иелік ету мен пайдалануды бақылауды қамтамасыз етуді, инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалар тобын шектеуді, осындай ақпаратты заңсыз пайдалану/ашу фактілерін анықтауды, кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартуды қамтиды.

32. Банк инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалардың құпиялылық режимін сақтауы үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық жағдайларды қамтамасыз етеді.

33. Банктің құрылымдық бөлімшелерінің электрондық тасымалдағыштардағы инсайдерлік ақпаратының құпиялылығын қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асыратын бөлімшелері - қауіпсіздік бөлімшесі болып табылады.

Инсайдерлік ақпаратты қамтитын, келіп түсетін құпия хат-хабарларды қабылдауды, тіркеуді және оны әрі қарай адресатқа беруді осындай ақпаратты жария етпеу режимін сақтаумен жүзеге асыратын бөлімше іс-қағаздарды жүргізу және бақылау бөлімшесі болып табылады.

34. Банктің тиісті құрылымдық бөлімшелерінде/филиалдарында инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге жауапты тұлғалар банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары/филиалдарының директорлары болып табылады.

35. Инсайдерлік ақпаратты сақтау құжаттарды сақтауға арналған шкафтармен және/немесе жабылатын құрылғылармен жабдықталған Банктің құрылымдық бөлімшелерінің үй-жайларында жүзеге асырылады.

36. Үшінші тұлғалардың Банктің электрондық тасымалдағыштардағы инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігін шектеу мақсатында, Ақпаратты қорғау және Қауіпсіздік департаменті қызметкерлердің Банктің жергілікті желісінің желілік ресурстарына қолжетімділігін шектеу жүйесін анықтайды, иілгіш магниттік немесе компакт-дискілерде, электрондық поштамен және "Интернет" желісімен жұмыс істеудің рұқсат беру жүйесін белгілейді, сыртқы желілерге жіберілетін ақпаратты қорғау жүйесін қамтамасыз етеді.

37. Банктің инсайдерлік ақпаратын қамтитын құжаттар есепке алынады және Банкте қабылданған құжат айналымының тәртібіне сәйкес ресімделеді.

### **7-Тарау. Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімі**

38. Банктің инсайдерлік ақпаратына және ол шығарған (ұсынған) бағалы қағаздарға (туынды қаржы құралдарына) иелік ету мен пайдалануды бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Банк Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімін (бұдан әрі – инсайдерлер тізімі) жүргізеді және өзекті жағдайда ұстап отырады.

39. Инсайдерлер тізімін жүргізуге және оны өзекті жағдайда ұстап отыруға жауапты бөлімше К-БД болып табылады.

40. Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімін уақытылы беруге, сондай-ақ оның шынайылығына жауапты Банктің құрылымдық бөлімшесі/филиалының тұлғалары инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімін жасау кезінде құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл тәртібін реттейтін Банктің ІНҚ анықталады.

41. Алынып тасталды.

42. ҚР уәкілетті органына ұсынылатын Банк инсайдерлерінің тізімі Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалар туралы келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) тұлғаның тегі, аты, бар болса-әкесінің аты, туған күні;
- 2) заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін (қайта тіркелуін) растайтын құжаттың деректемелері;
- 3) тұлғаны инсайдерлер тізіміне енгізу негіздемесі;
- 4) инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздің пайда болу күні;
- 5) инсайдерлер тізімінен шығару үшін негіздің пайда болу күні;

43. Банк инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімін Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалар туралы ақпаратты ашып көрсете отырып, оның жазбаша талабы бойынша осындай талапта көрсетілген мерзімде ҚР уәкілетті органына ұсынады.

## **8-Тарау. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі**

44. Инсайдерлік ақпаратты ашу оны қор биржасының, ҚР заңнамасында белгіленген ҚЕД интернет-ресурсында орналастыру және / немесе бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде барлық мүдделі тұлғалар үшін ашық түрде жариялау арқылы жүзеге асырылады.

Шетелдік қор биржаларында инсайдерлік ақпаратты ашу ағылшын тілінде жүзеге асырылады.

45. Инсайдерлік ақпаратты бірнеше бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру (жариялау) жолымен ашу барысында инсайдерлік ақпаратты ашу күні болып инсайдерлік ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші орналастыру (жариялау) күні саналады.

46. Банктің бағалы қағаздарын қор биржасының тізіміне енгізу барысында Банк осы бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) сауда-саттық басталғанға дейін Сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелерінде белгіленген тәртіппен және шарттарда ашылуы олардың құнының өзгеруіне және Банктің қызметіне әсер ететін Банк туралы инсайдерлік ақпаратты және ол шығарған (берген) бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) ашуды қамтамасыз етеді.

47. Алынып тасталды.

48. Алынып тасталды.

49. Ашылуы мерзімі ҚР заңнамасымен және/немесе қор биржасының ережелерімен айқындалмаған өзге инсайдерлік ақпаратты, егер мұндай ақпаратты заңсыз тарату немесе жылыстату Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне немесе оның қызметіне әсер ететін болса, Банк ақылға қонымды мерзімде ашуға тиіс.

49-1. Банктің бағалы қағаздарын (туынды қаржы құралдарын) ҚР аумағында жұмыс істейтін қор биржасының тізіміне енгізген кезде Банк және Банктің инсайдерлері болып танылатын тұлғалар Банк және ашылуы олардың құнының өзгеруіне және Банктің

қызметіне ықпал ететін, оларға шығарылған (берілген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпараттың қор биржасының ережелерінде белгіленген тәртіппен және шарттарда осы бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) сауда-саттық басталғанға дейін ашылуын қамтамасыз етеді.

49-2. Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) ҚР аумағында жұмыс істейтін қор биржасының сауда жүйесінде айналыста болған кезде инсайдерлік ақпаратты көптеген тұлғалар арасында ашуды көздейтін хабарламалар ҚР аумағында жұмыс істейтін қор биржасының атына жіберіледі, одан кейін өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады (таратылады);

50. Қор биржасының тізіміне енгізілген бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) шетел мемлекеттерінің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының сауда жүйелерінде айналыста болған кезде инсайдерлік ақпарат мынадай тәсілдердің бірімен ашылуы тиіс:

1) инсайдерлік ақпараттың ауқымды тұлғалар тобы арасында ашылуын меңзейтін хабарламалар – тізімдеріне Банктің бағалы қағаздары енгізілген барлық қор биржаларының мекенжайына бір мезгілде жіберіледі, одан кейін өзге бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады (таратылады);

2) алынып тасталды.

51. Алынып тасталды.

52. Банк барлық юрисдикцияларда инсайдерлік ақпаратты бір мезгілде ашуды қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды шараларды қолға алады, онда оның қаржы құралдары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттыққа жіберілген не болмаса, егер бұл тиісті юрисдикцияларда қор биржаларының листингтік талаптарымен көзделсе, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген.

## **9-Тарау. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік**

53. Осы Саясаттың 6-тарауында көрсетілген шектеулерді сақтамау, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану, иелік ету және тарату жағдайында мұндай бұзушылықтарға жол берген тұлғалар ҚР заңнамасында көзделген азаматтық-құқықтық, әкімшілік және өзге де жауапкершілікке тартылады. Банк қызметкерлері болып табылатын инсайдерлер де ҚР еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

54. Алынып тасталды.

## **10-Тарау. Қорытынды ережелер**

55. Осы Саясаттың ережелерін Банктің барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары қатаң сақтауы тиіс.

56. Өзгерістер мен толықтырулар қажеттілігіне қарай ҚР Заңнамасының және Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес осы Саясатқа енгізіледі.

57. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер ҚР заңнамасында және Банктің ІНҚ көзделген тәртіппен шешіледі.